КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 1 тамыз № 5165-25-00-2/1812 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.А.Бейсембекова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
«НҰР ҚАЗЫНАМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «НҰР ҚАЗЫНАМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «НҰР ҚАЗЫНАМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның пайдасына тұрақсыздық айыппұл 41 414 (қырық бір мың төрт жүз он төрт) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 03.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.09.2025, судья Бейсембекова Д. А., 12.09.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «НҰР ҚАЗЫНАМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 3 208 (үш мың екі жүз сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Д.А.Бейсембекова**

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 03.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.09.2025, судья Бейсембекова Д. А., 12.09.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство